

*Аманкелді С., Даркеш А.Ө.
ТТТжәнеТ-31 тобының студенттері, академик Е.А.
Бөкетов атындағы ҚарМУ
Шактай А.Қ.
№41 мектептің оқушысы
Шактаев Қ.Б.
аға оқытушы, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

ЛОГИСТИКА ҚАЗІРГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕ

Логистиканы келесідей салаларға бөлуге болады:

- Қамтамыз ету логистикасы
- Өндірістік логистика
- Тарату логистикасы
- Сатудан кейінгі (after sales) логистика
- Шығарып тастау (disposal) логистикасы

Қамтамыз ету логистикасы нарықты зерттеу, қажеттіліктерді жоспарлау, жасау немесе сатып алу шешімдері, тапсырыс беру және тапсырысты бақылау сияқты әрекеттерден тұрады.

Өндірістік логистика қамтамасыз ету мен тарату логистикасын біріктіреді.

Тарату логистикасы негізгі мақсаты ретінде дайын өнімдерді клиентке жеткізу болып саналады. Бұл өз кезегінде тапсырысты өңдеу, қоймалау және тасымалдаудан тұрады. Тарату логистикасының қажеті мол, өйткені өндірудің уақыты, орны және көлемі тұтыну уақыты, орны және көлемінен өзгеше.

Шығарып тастау (disposal) логистикасының негізгі функциясы болып бизнес үрдістері кезіндегі пайда болған қоқыс-қалдықтарды шығарып тастауға байланысты логистика құнын азайту, қызмет түрдерін көбейту болып есептеледі.

Логистикалық жүйе – логистиканың негізгі міндеттері орындалу үшін құрылған логистикалық тізбек қатысушыларының (өндіруші кәсіпорындар, сауда-саттық ұйымдары, транспорттық, қойма, дүкен т.б.) бірлескен іс-әрекеті.

Басты мақсаты бойынша (жоспарға сай міндеттемелердің орындалуы жағдайында шығындарды азайту, соған сай – өндіріс қызметі тиімділігін арттыру), логистикалық жүйелер анығына

келгенде барлық қызмет бағыттарын қамтуы тиіс (есеп-қисап пен кадр т.б. мәселелерді қоспағанда).

Сол себепті де логистика ұғымы өз ішінен көптеген тәртіптерді қамтиды: көтере сатып алу, транспорттық, қоймалық, өндірістік, ақпараттық т.б.

Мысалы транспорттық логистика – жүкті (материалдық зат, заттек т.б.) бір нүктеден екінші нүктеге оңтайлы жеткізуді ұйымдастыратын жүйе. Логистикалық нысанды ең қысқа (көрсетілген) мерзімде ең аз шығынмен, нысанға ең аз шамада зардап келтіріп (тасымалдауға байланысты) жеткізілетін маршрутты ең оңтайлы деп есептейді. Бұл тауарлар қозғалысы үрдісінде ақпараттық және материалдық ағымдарды басқару жайлы ғылымның негіздік бағыттарының бірі болып табылады.

Осыған ұқсас қоймалық логистиканың негізгі міндеті – қоймадағы тауарды қабылдаудың бизнес үрдістерін, өңдеу, сақтау мен жөнелтуді оңтайландыру. [1. б.12-17]

Қоймалық логистика – қоймадағы шаруашылықты ұйымдастырудың тәртібін анықтайды, тауармен жұмыс істеу шараларын соған сәйкес ресурстарды басқару үрдісін (адам, техникалық, ақпараттық) анықтайды. Бұл үрдістерді ақпараттық-техникалық қолдау үшін қойманы арнайы басқару жүйесі қолданылады.

Ақпараттық логистика және оның басты міндеті – кәсіпорынды басқару жүйесінен және жүйеге ақпаратты жеткізу, алайда иерархияның әр деңгейі өзіне тиесілі ақпаратты ғана қажетті мерзімде алуы тиіс. Ақпараттық логистика және оның жоғарғы басқарушылық деңгейі – шешім қабылдау үшін, саясат пен стратегия жасау үшін жасалған ақпарат. Ақпараттық логистика және оның бақылаушы ұйымы – амал-тәсілдік жоспарлау мен бақылауға арналған ақпарат. Ақпараттық логистика мен оның амал-тәсілдік ұйымы – алыс-беріс мәмілелерін өңдеуге жауап.

Логистика дамуының тағы бір бағыты – экономикалық, мұнда логистика деп шаруашылық жүргізудің ғылыми-практикалық бағыты, яғни өндіріс және айналым сфераларындағы материалды және олармен байланысты ақпараттық және қаржы ағымдарын тиімді басқару түсіндіріледі.

Экономикада логистиканың кең қолданылуы 60-70-ші жылдарға келеді және байланыс технологиялары саласындағы жетістіктермен байланысты. Шикізат, бөлшектер мен дайын өнімдердің қозғалысының барлық сатыларын іштей бақылау мүмкіндігі материалды ағымдарды басқарудың дәстүрлі үлгісіндегі жіберілетін үлкен шығындарды айқын байқауға мүмкіндік берді. Экономикада логистиканы қолданудан алатын экономикалық ұтыс тауарларды жылжыту саласында әріптестерді бірлестіктерге бейімдеуге әсер етті.

Сонымен логистика – кәсіпорынның бизнес үрдісіне шығындық қырынан қарап, оңтайландыру бақылау және басқару мақсатын қолдану. [2. б.123-25]

Көліктік дәліздер және логистикалық компаниялар

Логистикалық компаниялар: (әлемдік танымал) DHL, ҚР-сынан Expro Logistics, Transinter және т.б.

DHL халықаралық компаниясы туралы айта кетсек, немістек логистикалық компания, логистикалық қызмет көрсету бойынша 1 орында. 1969 жылы компания екі қала арасында жүкті тасымалдаумен бастап құрылған, ал қазіргі уақытта бүкіл әлемде жүкті тасымалдаумен, клиенттердің жүгін сатумен айналысады.

Компания бірнеше қызмет түрін көрсетеді.

- жылдам түрде жүктерді және құжаттарды 220 мемлекеттің 120 мың қаласына жеткізеді. Компанияда 5000 астам кеңселері мен 76000-ға жуық машиналары бар.

- жүкті жеткізу жүйесін құру, ұйымдастыру, басқару. Мысалы, «Қазақмыс» АҚ-ы жүкті Жезқазған қаласынан Пекинге сатуы керек. Жүкті тасымалдау барысында «Қазақмыс» АҚ-ы бірнеше қызметтерді ұйымдастыруы керек: ҚР-сының тасымалдаушымен келісуі тиіс, Қытай тасымалдаушыларымен келісуі тиіс, жол табан ені әр түрлі болғандықтан, жүкті қайтадан тиеуді ұйымдастыруы тиіс, Пекинге келген соң жүкті түсіру керек, қоймада сақтау, халықаралық тасымал болғандықтан кедендік құжаттарды реттеу керек, жүктің қауіпсіздігі үшін сақтандыру компаниясына барып, жүкті сақтандыру керек. Осының барлығы қаншама уақыт пен қаржы шығынына әкеледі. Ал егер, «Қазақмыс» АҚ-ы логистикалық компанияға келсе, логистикалық компанияның халықаралық тасымалдауда тәжірибесі болғандықтан, Қытайда және ҚР-сында көлігі,

қоймасы болғандықтан бұл операциялардың барлығы логистикалық компания үшін қиындық туғызбайды:

- пошталық қызмет көрстеу;
- әуе көлігімен және су көлігімен жүкті тасымалдау, мультимодальді тасымалдау;
- құрлықтық тасымалдау.

Логистикалық компаниялар орындайтын қызметтер:

- ❖ тауарды және өнімді жеткізу жүйесін (цепь поставок) құру, ұйымдастыру, басқару;
- ❖ жүктерді сақтандыру;
- ❖ кедендік құжаттарды рәсімдеу;
- ❖ жүктерді экспедициялау (жүкті тиіп-түсіру, қаптамалау, маркировка, өлшеу, құжаттарын толтыру);
- ❖ стандартты емес жүктерді (габаритсіз, қауіпті, тез бүлінетін жүктер) тасымалдау;
- ❖ жүктердің импорты мен экспортын ұйымдастыру;
- ❖ қоймалық жұмысты ұйымдастыру;
- ❖ пошталық қызметтер;
- ❖ жүктерді біріктіру (консолидация).

Консолидация дегеніміз жүк жөнелтушілердің әр түрлі кіші көлемдегі жүктерін бір үлкен партияға жинап тасымалдауы.

ҚР-сының көліктік дәліздері.


Қазақстан - батыс пен шығыстың дәнекері. Елдің географиялық орналасуы көліктік дәліздің керектігін айқындайды.

Көліктік дәліздер – бірнеше ел арасында жүктер және жолаушы қатынастарын ұйымдастыру үшін қажет. Көліктік дәлізді ұйымдастыру арқылы ел экономикасы көркейеді. Яғни, біздің еліміздің территориясынан транзитпен өткен пойыздардан салық алу арқылы пайда табамыз.

ҚР-сы территориясынан өтетін 5 дәліз бар. [3. б.63-65]

Логистикалық компаниялардың жұмысының ұйымдастырылуының принциптері

Логистиканың принциптері – логистиканы мамандарының байқауларының арқасында табылған құбылыстар заңы.



Сурет 1 Қазақстан территориясы арқылы өтетін көліктік дәліздер

Логистиканың негізгі принциптері мынадай:

- Тиімділік принципі (принцип оптимальности)
- Эмердженттілік принципі (принцип эмерджентности)
- Жүйелілік принципі (принцип системности)
- Иерархия принципі (принцип иерархии)
- Интеграция принципі (принцип интеграции)
- Формализация принципі (принцип формализации)

Тиімділік дегеніміз жұмыс сапасы бағалануының көрсеткіштерін анықтайды (оңтайлы жоспар, басқару, шешім). Логистикалық жүйенің дамуының басты бағыты оңтайлы және тиімді варианттар жүйесін таңдау, яғни тиімді траектория, ресурстардың дұрыс пайдалануы, оңтайлы қызмет атқару және т.б. Таңдауларды жасау кезінде тек қана бір көрсеткішке ғана қарап қоймай, комплекстік көрсеткіштерге қарап, соған байланысты шешім қабылдау керек. Принциптің негізі – қазіргі қолданыстағы варианттан артық вариантты табу емес, берілген варианттар ішіндегісінің ең тиімдісін, оңтайлысын таңдау. [4. б.94-102]

Логистикалық жүйе үлкейе берген сайын және жүйе мен жүйе бөлшегінің өлшемдері өзгерген сайын, соған байланысты

сондай шамада жүйе мен жүйе бөлшегі арасындағы өзгешелік артады.

Егер біз жүйе бөлшектері ішінде тиімді тәсілді жұмыс атқарсақ, ол жалпы жүйе жұмысына тиімділік әкеледі деген кепілдік туғызбайды.

Осыған орай эмердженттілі дегеніміз, жүйенің бірнеше бөлшектері ғана болып қана тиімді қызмет атқару емес, ал логистикалық жүйенің түгелдей барлық элементерінің белгіленген қызметті тиімді атқаруды айтамыз.

Жүйелілік принципі логистикалық жүйені жеке элементтердің бір-бірімен байланысқан комплекстік объектісі ретінде қарайды. Жүйелік принцип объектінің кеңістіктегі және уақыт кеңістігіндегі барлық жақтарына, байланыстарына сипаттама береді.

Иерархиялық принципі (иерархия грек тілінен аударғанда – құзыретті билік, төменгі элементтердің жоғарыдағы элементтерге бағынуы). Иерархиялық принципі жұмысты, ақпараттық және материалдық алмасуды тиімді ұйымдастыру үшін керек. Жоғары жақта жалпы жоспар құрылып, төменгі жақтарда жоспар жеке жеке элементтерге бөлініп, әр элемент өз облысына байланысты детальді түрде токталады.

Интеграция принципі (интеграция – бөлшектердің және құрылымдардың бір толық жүйеге біріктірілуі). Бұл принцип логистикалық жүйедегі интеграциялық құрылымдар мен заңдылықтарды зерттеуге бағытталған. Интеграциялық құрылымдар элементтерді бір толық жүйеге біріктірген кезде пайда болады.

Формализация принципі – логистикалық жүйенің сандық және комплекстік көрсеткіштерін алу үшін бағытталған. [5. б. 94-102]

Әдебиеттер:

1. Жаңбыров Ж.Ф. Авакөлік логистикасы негіздері. Алматы, 2015
2. Смахов А.А. Введение в логистику. – М.: Транспорт, 2003.
3. Транспортная логистика: Учебное пособие. – М.: Бранусс, 2006.

4. Гаджинский А.М. Основы логистики: Учебное пособие. – М.: ИВЦ Маркетинг, 2006.

5. Логистика: Учебное пособие /Под ред.Б.А.Аникина. – М.: ИНФРА-М, 2009.

Досымбетова У.Г.

КГУ «Основная средняя школа №51»

**СОВМЕСТНАЯ РАБОТА РЕСУРСНОГО ЦЕНТРА И
МАГНИТНЫХ ШКОЛ ПО ПРОФИОРИЕНТАЦИОННОЙ
РАБОТЕ УЧАЩИХСЯ
(ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ ОПОРНОЙ ОСНОВНОЙ СРЕДНЕЙ
ШКОЛЫ №51 Г.КАРАГАНДЫ)**

*Не профессия выбирает человека,
а человек профессию.
Сократ*

В условиях нарастающего ускорения социально-экономического развития Республики Казахстан значение готовности молодого поколения к труду неизмеримо возрастает. На это нацелена идея общества Всеобщего Труда, сформированная Главой государства Н.А. Назарбаевым в статье «Социальная модернизация Казахстана: 20 шагов к Обществу Всеобщего Труда».

Труд, как сказано в статье, должен быть выдвинут на первый план как решающий национальный фактор в условиях глобальной конкуренции.

От того, как подготовлены выпускники школ к труду, зависит не только успехи развития казахстанского общества, но и их личное благополучие, жизненное счастье.

Принципиально новой стала ориентация на профессиональное образование, которое выпускники могут получить в любом из средних и высших учебных заведений республики.

Новый тип профессионального образования складывается под воздействием современной техники и требует уже непростого обучения, а научного образования рабочих.